ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІ
ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚ ІСТЕРІ КОМИТЕТІНІҢ
«ЖОБАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ВЕДОМСТВОДАН
ТЫС САРАПТАУ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КӘСІПОРНЫ
(«МЕМСАРАПТАМА» РМК)

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ «ГОСУДАРСТВЕННАЯ
ВНЕВЕДОМСТВЕННАЯ ЭКСПЕРТИЗА ПРОЕКТОВ»
КОМИТЕТА ПО ДЕЛАМ СТРОИТЕЛЬСТВА И
ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА
МИНИСТЕРСТВА ПРОМЫШЛЕННОСТИ И
СТРОИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
(РГП «ГОСЭКСПЕРТИЗА»)

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы,
Күлтөбе қысқа көшесі, 7 ғимарат. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

Республика Казахстан, 010000, г. Астана, район Байконыр,
переулок Култобе, здание 7. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

13.08.2026 № 01-03-11/1976

«AK Prime Astana» ЖШС
Көңілхаир А.А.
Email: Khasse№v62@mail.ru

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК) (бұдан әрі – Кәсіпорын), «Мемсараптама» РМК әкімшілік ғимаратын ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстарды мемлекеттік сатып алу» №87070964-ОК1 лоты бойынша №17342893-1 сатып алуға қатысты 2026 жылғы 10 тамыздағы №298017 шағымыңызды қарап, өз құзыреті шегінде мынаны хабарлайды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 25-бабының 1-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне, егер олардың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, конкурстық, аукциондық тәсілмен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы шағым жасауға құқылы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 590-тармағына сәйкес шағымды мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде шағымдарды қарауға жауапты құрылымдық бөлімше не тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының лауазымды адамы қарайды.

Қағидалардың 596-тармағының 4) тармақшасына сәйкес тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымда Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзудың нақты фактілері көрсетілуі тиіс, қажет болған жағдайда растайтын құжаттар қоса беріледі.

Өз кезегінде, Заңның 25-бабының 2-тармағында тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы баптың 1-тармағында көзделген шағым беру мерзімі өткен күннен кейін үш жұмыс күні ішінде шағымды

қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдау туралы міндеті көзделген.

Осыған байланысты, 2026 жылғы 10 тамыздағы №298017 шағымында көрсетілген дәлелдер қанағаттандырусыз қалдырылды.

Сонымен бірге, 2024 жылғы 01 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес, шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылданған тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа шағым жасалуы мүмкін екенін хабарлаймыз.

Ботенбаев Ж.Ж.
И.о. генерального директора
РГП "Госэкспертиза"

Орынд.: Бейсенбаев Д.К.
23-50-18

Оспанов Ж.К.
Руководитель комплаенс-службы
РГП "Госэкспертиза"

Бейсенбаев Д.К.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"